## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитетіне аккредитивтер ашу және олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1390 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитетіне 029 "Ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу және қайта жаңарту", 031 " Гидротехникалық құрылыстарды қайта жаңарту" және 105 "Республикалық инвестициялық жобалардың техника-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" республикалық бюджеттік бағдарламалары бойынша қоса беріліп отырған тізбеге сай жасалған шарттарға сәйкес аккредитивтер (бұдан әрі - аккредитивтер) ашу туралы;

2) аккредитивтердің қолданылу мерзімдерін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысымен келісілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 20 желтоқсаннан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы*

Қазақстан Республика Үкіметінің
2004 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1390 қаулысына
қосымша

### Су шаруашылығы объектілері бойынша шарттар ТІЗБЕСІ

1. "Ақмола облысы Қорғалжын селосында су құбырларын тарату желілерін қайта жаңарту" жобасы бойынша "АСТАНА АВТО СТРОЙ" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 25 наурыздағы N 147 шарт;

2. "Ақмола облысы Жарқайың ауданының Ш.Уалиханов атындағы селосында су құбыры желілерін қайта жаңарту" жобасы бойынша "Стройтелекомсервис" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 7 шілдедегі N 270 шарт;

3. "Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Байғанин селосында су құбыры құрылыстарының кешенін қайта жаңарту" жобасы бойынша "Мерей XXI" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 27 қаңтардағы N 11 шарт;

4. "Шығыс Қазақстан облысы Приречное селосында және Гранитный кентінде жаңа бас тоған салу" жобасы бойынша "Триада II" ӨК-пен жасалған 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 183 шарт;

5. "Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Первомайский кентінде бас тоған құрылыстары кешенін қайта жаңарту" жобасы бойынша "ОМКО" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 29 наурыздағы N 157 шарт;

6. "Жамбыл облысы Қордай ауданының Жаңа-Тұрмыс селосын сумен қамтамасыз ету" жобасы бойынша "Желдорстрой" ААҚ-пен жасалған 2004 жылғы 15 наурыздағы N 119 шарт;

7. "Жамбыл облысы Т.Рысқұлов атындағы ауданның Құлан селосында бас тоған құрылыстары мен су құбыры желілері жобасы бойынша "Фирма Агрополив" ЖШС-мен 2004 жылғы 25 наурыздағы N 145 жасалған шарт;

8. "Жамбыл облысы Шу ауданының Төле би селосында бас тоған құрылыстары мен жұмыс істеп тұрған су құбыры желілерін қайта жаңарту" жобасы бойынша "ПромХиммонтаж" ААҚ-пен жасалған 2004 жылғы 29 қазандағы N 352 шарт;

9. "Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының Жәнібек кентінің сумен жабдықтау объектілері" жобасы бойынша "Аймақтық көлік салу компаниясы" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 29 наурыздағы N 150 шарт;

10. "Қарағанды облысы Жезді су қоймасынан Костен-Голсай сайына дейін су құбырын салу" жобасы бойынша "Корпорация Қазақмыс" ААҚ-пен жасалған 2004 жылғы 18 тамыздағы N 317 шарт;

11. "Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Лихачев топты су құбырын салу, (II кезегі)" жобасы бойынша "Кесертке" ҚК ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 5 ақпандағы N 18 шарт;

12. "Қызылорда облысында Арал-Сарыбұлақ топты су құбырын салу (IV кезегі)" жобасы бойынша "РЗА" ЖАҚ-пен жасалған 2004 жылғы 27 қаңтардағы N 12 шарт;

13. "Қызылорда облысы Жиделі топты су құбырын салу, (1 кезегі)" жобасы бойынша "Альянс" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 27 қаңтардағы N 15 шарт;

14. "Павлодар облысында елді мекендерді сумен жабдықтау ұйымдары жергілікті жүйесінің III кезегі, Железинка ауданы, Михайловка селосы. Жұмыс істеп тұрған су құбыры желілерін қайта жаңарту" жобасы бойынша "АКСН және К" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 26 сәуірдегі N 203 шарт;

15. "Павлодар облысында елді мекендерді сумен жабдықтау ұйымдарының жергілікті жүйесінің III кезегі, Железинка ауданы, Алакөл селосы. Жұмыс істеп тұрған су құбыры желілерін қайта жаңарту" жобасы бойынша "АКСН және К" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 205 шарт;

16. "Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудан орталығының Молбұлақ елді

мекені мен 2, 4, 6, 13, 16 мұхаббаларын сумен жабдықтау" жобасы бойынша " Желдорстрой" ААҚ-мен жасалған 2004 жылғы 15 наурыздағы N 118 шарт;

17. "Оңтүстік Қазақстан облысының Абай селосы мен Сары-ағаш ауданына жақын ауылдарды сумен жабдықтау" жобасы бойынша "АҚСУ" ААҚ-пен жасалған 2004 жылғы 27 қазандағы N 351 шарт;

18. "Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Темірлан селосының аудан орталығында су құбыры құрылысын салу және жұмыс істеп тұрған су құбыры желілерін кеңейту" жобасы бойынша "САГАМ-строй" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 336 шарт;

19. "Шалқар қаласында су құбыры желілерінің құрылысын қайта жаңарту және жөндеу" жобасы бойынша "Арнайы монтаж" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 12 наурыздағы N 37 шарт;

20. "Қарағанды облысы Ұлытау кентіндегі Саламат-Ұлытау және желілер су құбыры" жобасы бойынша "Уралстроймонтаж" ЖШС-мен жасалған 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 93 шарт;

21. "Павлодар қаласы N 1, N 2, N 3 алаңының Ленин кенті сумен жабдықтау құрылысының жергілікті жүйесін салу (ауылдық аумақ). Сумен жабдықтау пункттері" жобасы бойынша "Мембраналық технологиялар, СА" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 375 шарт;

22. "Павлодар қаласы Мойылды ауылы сумен жабдықтау құрылысының жергілікті жүйесін салу (ауылдық аумақ) жобасы бойынша "Мембраналық технологиялар, СА" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 374 шарт;

23. "Ақмола облысы Аққөл аудан орталығында су құбыры желілерін қайта жаңарту" жобасы бойынша "АСТАНА АВТО СТРОЙ" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 25 наурыздағы N 148 шарт;

24. "Шығыс Қазақстан облысы Белағаш топты су құбырын қайта жаңарту, (ІІ кезегі) " жобасы бойынша "Промтехмонтаж" АБ ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 15 қазандағы N 350 шарт;

25. "Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласын жер асты көзінен сумен жабдықтау" жобасы бойынша "Востокшахтострой" ААҚ-пен жасалған 2004 жылғы 27 қаңтардағы N 14 шарт;

26. "Шығыс Қазақстан облысы Аягөз қаласының су жинағы құрылыстарын және су құбыры желілерін қайта жаңартудың бірінші кезегі" жобасы бойынша "ВостокСталь" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 26 сәуірдегі N 202 шарт;

27. "Камен топты су құбырының солтүстік бөлігін қайта жаңарту" жобасы бойынша "Коксохиммонтаж" ААҚ-пен жасалған 2004 жылғы 4 ақпандағы N 17 шарт;

28. "Батыс Қазақстан облысының Орда топты су құбырын қайта жаңарту (І кезегі)" жобасы бойынша "Юг-Акво" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 29 наурыздағы N 153

шарт;

29. "Батыс Қазақстан облысының Орда топты су құбырын қайта жаңарту (II кезегі)" жобасы бойынша "Юг-Акво" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 29 наурыздағы N 152 шарт;

30. "Солтүстік Қазақстан облысында Соколов топты су құбырын қайта жаңарту (II кезегі)" жобасы бойынша "Есіл-Су" РМК-мен жасалған 2004 жылғы 13 мамырдағы N 209 шарт;

31. "Солтүстік Қазақстан облысында Көкшетау өнеркәсіптік су құбырын қайта жаңарту" жобасы бойынша "Есіл-Су" РМК-мен жасалған 2004 жылғы 4 тамыздағы N 284 шарт;

32. "Оңтүстік Қазақстан облысында Кентау-Түркістан топты су құбыры" жобасы бойынша "КАРО" өндірістік-құрылыс тобы ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 27 қаңтардағы N 16 шарт;

33. "Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм массивін игерудің III және IY кезектері" жобасы бойынша "Южказводпроект" ААҚ-пен жасалған 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 373 шарт;

34. "Батыс Қазақстан облысы Круглоозерное кентіндегі Шаған ағысында тереңдету жұмыстары. Құшұм кентінде басты шлюз-реттегішті және тастағыш құрылыстарды, Круглоозерное кентінде бөгенсіз су жинауды қайта жаңарту" жобасы бойынша "Уральскводстрой" ААҚ-пен жасалған 2004 жылғы 29 маусымдағы N 256 шарт;

35. "Қ. Сатпаев атындағы каналда NN 7 (3-ші агрегат), 11 (1), 12 (3), 15 (4), 18 (3), 19 (1), 22 (3) насосты станциялар негізгі технологиялық қондырғыларын қайта жаңарту" жобасы бойынша "Гидромаш" ЖАҚ-пен жасалған 2004 жылғы 18 қарашадағы N 367 шарт;

36. "Қ. Сатпаев атындағы каналдың байланыс жүйесін модернизациялау" жобасы бойынша "ADVANTEK SYSTEMS" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 18 тамыздағы N 318 шарт.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК